

USB-токенді (KAZTOKEN) пайдалану арқылы «Интернет-Банкинг» жүйесінде тіркелу бойынша нұсқаулық

Ак Kamal e-Security Client бағдарламалық қамсыздандыруы (бұдан кейін – апплет):

- пайдаланушының сертификаттарды (тіркеу куәліктерін) алу процесін жеңілдетуге - «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айрысу орталығы» куәландырушы орталығында (бұдан кейін – **ҚБЕАО КО**) ЭЦҚ-ны алуға;
- осы сертификаттарды «Интернет-Банкинг» жүйесінде тіркеуге;
- құжаттарды электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландыруға;
- «Интернет-Банкинг» жүйесі мен пайдаланушы арасындағы қауіпсіз байланысты іске асыруға арналған.

Мазмұны:

1. [Терминдер.](#)
2. [Windows жүйесіне арналған KAZTOKEN драйверін орнату.](#)
3. [USB-токенді \(KAZTOKEN\) пайдалану арқылы «Интернет – Банкинг» жүйесінде тіркеу.](#)
4. [«KAZTOKEN басқару панелі» арқылы USB-токеннің паролін ауыстыру.](#)
5. [Пайдаланушы паролін \(KAZTOKEN\) бұзаттаудан шығару.](#)

1. Терминдер.

1.1. Internet Explorer, Google Chrome, Mozilla Firefox, Yandex және т.б. (браузер) – Web-беттерді қарау және олармен жұмыс жүргізу үшін пайдаланылатын бағдарламалық қамсыздандыру.

1.2. Апплет – "AkKamal Security" ЖШС компаниясы әзірлеген e-Security Client бағдарламалық қамсыздандыруы.

1.3. Бастапқы бірегейлендіру кілттері – Банктен алатын және Клиенттің уәкілетті тұлғасы Куәландырушы орталықпен жұмысты бастау үшін, оның ішінде оларды электрондық цифрлық қолтаңбаның криптографиялық кілттеріне ауыстыру мақсатында пайдаланатын криптографикалық кілттер.

1.4. Кілтті тасымалдағыш – USB-flash, Клиентті бізмәнді сәйкестендіру және Банкке тапсырылатын құжаттарда Электрондық қолтаңбаны пайдалану мүмкіндігін беретін Клиенттің Электрондық сертификатының файлдарын қамтитын электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілттерінің қоймасы.

1.5. ИБЖ – «Интернет-Банкинг» жүйесі, банктің офисіне келуді қажет етпейтін Интернет желісі арқылы «Банк ЦентрКредит» АҚ-та банктік шоттарды қашықтан басқару үшін заңды тұлға Клиенттерге арналған.

1.6. Куәландырушы орталық (КО) – электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін растайтын, сондай-ақ Тіркеу куәлігінің («Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны) шынайылығын растайтын заңды тұлға.

1.7. Электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңбаның құралдарымен жасалған және электронды құжаттың шынайылығын, оның сол тұлғаға тиістілігі мен мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық сандық белгілердің жиынтығы.

1.8. KAZTOKEN – ақпараттық ресурстарға кіру рұқсатын беретін дербес құрылғы, usb-брелок түрінде жасалған смарт-картаның толық функционалды аналогы. KAZTOKEN цифрлық сертификаттарды, шифрлеу кілттерін және ЭЦҚ-ны қауіпсіз сақтауға және пайдалануға арналған.


2. Windows жүйесіне арналған KAZTOKEN драйверін орнату.

KAZTOKEN құрылғысы – Интернет Банкинг жүйесінде пайдаланушыны авторизациялау және төлемдерге/өтініштерге қол қоюға арналған USB-флэшка түріндегі шағын, қорғалған құрылғы.



Интернет Банкинг жүйесінде тіркелу және жұмыс жүргізу үшін Windows 7 және одан жоғары операциялық жүйелерде Windows жүйесіне арналған KAZTOKEN драйверін орнату қажет. KAZTOKEN-ге арналған драйверді орнату үшін келесі сілтеме бойынша өту керек: <https://kaztoken.kz/downloads/>


Осыдан кейін сәйкес драйверді жүктеп алу қажет (1-сурет).




1-сурет – KazToken драйверлері көрсетілген бет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Орнату аяқталғанға дейін KAZTOKEN құрылғысын компьютерге қоспаңыз! Егер KAZTOKEN қосылған болса, ажыратыңыз.

Орнату файлы іске қосылғаннан кейін KAZTOKEN драйверлерін орнату бағдарламасының терезесі ашылады. «Жұмыс үстелінде KAZTOKEN басқару панелінің белгісін құру» тармағына белгі қойып, «Орнату» батырмасына басыңыз (2-сурет).



2-сурет – KAZTOKEN драйверлерін орнату басталғандығын білдіретін терезе.



3-сурет – KAZTOKEN драйверлерін орнату процесі аяқталғандығын білдіретін терезе.

Бағдарламаны орнату аяқталғаннан кейін жұмыс үстелінде «KAZTOKEN басқару панелі» белгісі пайда болады (4-сурет).



4-сурет – жұмыс үстеліндегі «KAZTOKEN басқару панелі» белгісі.


НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Орнату барысында қиындықтар туындаған жағдайда, антивирус жұмысын тоқтатып көріңіз. Орнату аяқталғаннан кейін қайта қосуды ұмытпаңыз. Егер ол көмектеспесе, өзіңіздің IT-маманыңызға хабарласыңыз, мүмкін компьютеріңізде бағдарлама орнатуға қажетті администратор құқықтары жетіспей тұруы мүмкін.

3. USB-токенді (KAZTOKEN) пайдалану арқылы «Интернет – Банкинг» жүйесінде тіркелу.

Интернет Банкинг жүйесінде ЭЦҚ-ны тіркеуді күйге келтіру үшін Windows 7 және одан жоғары операциялық жүйелерде келесі іс-әрекеттерді орындау қажет:


3.1. Келесі браузерлердің бірін ашып: Google Chrome, Mozilla Firefox, Yandex және т.б. - <https://ib.bcc.kz> сілтемесі арқылы «Интернет-Банкинг» жүйесінің атты бастапқы бетіне өтіңіз (5-сурет).

3.2. Осыдан кейін «Тіркелу» батырмасын басыңыз. Қалқымалы мәзірден Шарттың 2-қосымшасында (А4 форматындағы қағаз тасымалдағыштағы Қабылдау-өткізу актісінен) көрсетілген сертификаттардың сәйкес шығарылымының мерзімін таңдау қажет (5-сурет).




5-сурет – заңды тұлғаларға арналған Интернет Банкинг жүйесінің беті.

3.3. Осыдан кейін өзіңіздің компьютеріңізге/ноутбугіңізге/моноблогыңызға KAZTOKEN-ді (USB-флешкаға ұқсайтын қызғылт сары құрылғыны) қосып, жаңа қалқымалы терезедегі «Я подключил KAZTOKEN» батырмасын басыңыз (6-сурет).



6-сурет – KAZTOKEN құрылғысын компьютердің USB-портына қосылғанын растайтын терезе.


3.4. Осыдан кейін терезе шығады, осы жердегі «ОК» ұяшығын басу қажет (7-сурет).



7-сурет – https://www.e-security.kz/web_loader/ сайтына қайта бағыттау терезесі.

Егер, Сізде апплет, қажетті бағдарламалар бұрын орнатылған болса, сондай-ақ Ak Kamal e-Security Loader терезесі бірден іске қосылса (16-сурет), бірден 3.13-тармағына өтіп, тіркелу процесін жалғастырсаңыз болады.

3.5. Осыдан кейін, Сіз https://www.e-security.kz/web_loader/ сайтына қайта бағытталаңыз. Интернет-банкінг жүйесінде дұрыс жұмыс істеу үшін алғашқы екі тармақты орнату қажет (8-сурет).



8-сурет – БҚ-ны орнату және ИБЖ-мен жұмыс жүргізу үшін қажетті кеңейтулер.

3.6. Осы бетте бірінші кезекте «ПО под Windows»-ты жүктеп алып, БҚ-ны орнатуды іске қосыңыз (9-сурет).

Использование с браузерами без поддержки Java

В новых версиях браузеров, таких как:

- Google Chrome (версия 45.0 и выше)
- Mozilla Firefox (версия 51 и выше)
- Opera (версия 34 и выше),
- Yandex Browser (версия 16 и выше)


прекращена поддержка технологии Java, поэтому использование любых Java-приложений, в том числе

Если вы хотите продолжать пользоваться

1. Установить ПО под Windows
2. Установить расширение
3. Вернуться на сайт <https://...>

В том случае, если по каким-то причинам не удастся воспользоваться стандартными решениями для обеспечения функционирования e-Security Client в браузере, вы можете воспользоваться специальной версией браузера Firefox, которая не требует установки и гарантировано поддерживает все функции клиента без каких-либо дополнений.

Политика конфиденциальности/Privacy policy



9-сурет – Windows жүйесіне арналған БҚ-ны орнату.

3.7. Осыдан кейін орнату терезесінде «Запустить» ұяшығын басыңыз (10-сурет).

Использование с браузерами без поддержки Java

В новых версиях браузеров, таких как:

- Google Chrome (версия 45.0 и выше)
- Mozilla Firefox (версия 51 и выше)
- Opera (версия 34 и выше),
- Yandex Browser (версия 16 и выше)


прекращена поддержка технологии Java, поэтому использование любых Java-приложений, в том числе

Если вы хотите продолжать пользоваться

1. Установить ПО под Windows
2. Установить расширение
3. Вернуться на сайт <https://...>

В том случае, если по каким-то причинам не удастся воспользоваться стандартными решениями для обеспечения функционирования e-Security Client в браузере, вы можете воспользоваться специальной версией браузера Firefox, которая не требует установки и гарантировано поддерживает все функции клиента без каких-либо дополнений.

Политика конфиденциальности/Privacy policy



10-сурет – Windows жүйесіне арналған БҚ-ны орнату.

3.8. БҚ-ны орнатқаннан кейін «Готово» батырмасын басыңыз (11-сурет).

Использование с браузерами без поддержки Java

В новых версиях браузеров, таких

- Google Chrome (версия 45.0 и выше)
- Mozilla Firefox (версия 51 и выше)
- Opera (версия 34 и выше)
- Yandex Browser (версия 16 и выше)


прекращена поддержка технологии Java, что приводит к прекращению работы любых Java-приложений, в том числе и Ak Kamal e-Security Client.

Если вы хотите продолжать пользоваться Ak Kamal e-Security Client в браузере, вы можете установить расширение.

1. Установить ПО под Windows
2. Установить расширение
3. Вернуться на сайт <https://www.e-security.kz>


В том случае, если по каким-то причинам Ak Kamal e-Security Client не работает в браузере, вы можете установить расширение, которое поддерживает все функции клиента без каких-либо дополнений.

[Политика конфиденциальности/Privacy policy](#)




11-сурет – Ak Kamal e-Security Client бағдарламасын орнатууды аяқтау.

3.9. Бірінші тармақтан кейін өзіңіз пайдаланатын браузерге сәйкес «Расширение для браузера» атты екінші тармақ орнатылады (8-сурет). Кеңейтуді орнатуға арналған сілтемені басқаннан кейін Сіз интернет-дүкеннің сайтына қайта бағытталасыз. Осы жерде пайдаланылатын браузерге кеңейтуді орнату қажет (12-сурет).




12-сурет – Браузерге арналған кеңейтуді орнату.

3.10. «Установить» батырмасын басқаннан кейін (12-сурет), жаңа қалқымалы терезе пайда болады, осы жерде кеңейтуді орнатуды растау қажет (13-сурет).




13-сурет – Кеңейтуді орнатуды растау.

3.11. Кеңейту орнатылғаннан кейін қосымша терезе қалқып шығарылады, осы жерде Google аккаунтты синхрондау ұсынылады (14-сурет). «X» (жабу) функционалды пернесіне басып, жаба салсаңыз болады.




14-сурет – Кеңейтуді орнатуды растау.

3.12. Кеңейту орнатылғаннан кейін <https://ib.bcc.kz> Интернет-банкінг сайтына оралып, тіркелу процесін қайталау қажет. «Я подключил KAZTOKEN» ұяшығын (6-сурет) басқаннан кейін «Install» (орнату) ұяшығын басу (Рис. 15) қажет.




15-сурет – Ak Kamal Client БҚ-ны орнату.

3.13. Орнатқаннан кейін Сізде Ak Kamal e-Security БҚ пайда болады, осы жерде профильді (KAZTOKEN құрылғысы) таңдау және парольді енгізу көрсетіледі. Егер профиль ұяшығында «KAZTOKEN <no label> - ?» деп жазылған болса, бұл токеннің бос екендігін білдіреді, яғни тіркелуді жалғастырса болады. Осыдан кейін «Пароль» ұяшығында парольді бастапқы күйі бойынша енгіземіз (12345678) (16-сурет).




16-сурет – Ak Kamal e-Security БҚ-да профильді тандау және парольді енгізу.

3.14. Осыдан кейін профильді құруды растау қажет, тіркелу процесін ары қарай жалғастыру үшін «ОК» батырмасын басыңыз (**17-сурет**).




17-сурет – Жаңа профильді құруды растау.

3.15. Жаңа профильді құру расталғаннан кейін «Профильді құру мастері» терезесінде «Далее» батырмасын басу қажет (**18-сурет**).



3.16. Келесі терезеде Интернет-банкинг жүйесінде тіркелуге арналған деректерді енгізу қажет (19-сурет).



19-сурет – Тіркеу ақпаратын енгізу.

- «ID пользователя:» ұяшығында **Пайдаланушы ID (Шарттың 2-қосымшасындағы қағаз тасымалдағыштағы Қабылдау-өткізу актісінен. Мысалы, : qq111111_qwertyui)** енгізу қажет (19-сурет);
- «ПИН» ұяшығында Банк бөлімшесінде берілген OTP-картадағы PIN-ді (*бас әріптермен*) енгізу қажет (19 және 20-суреттер);




Рис. 20 – OTP-карта түрі.

- «Ключевой файл» ұяшығында «Обзор...» батырмасы арқылы бастапқы бірегейлендіру кілтiнiң орналасқан жерiн көрсетiңiз (банк бөлiмшесiнде сiзге USB – flash-ке жазылған файл (GOST.pfx, Key.pfx)) (19-сурет);
- «Пароль совпадает с ПИНом» ұяшығындағы белгiге тиiспеңiз. Белгiнi сол қойылған күйiнде қалдырыңыз (19-сурет);
- Соңында «Ары қарай» функциясын басыңыз (19-теңге).

Тіркеуден өткен кезде мүмкін болатын қателер.


Егер «Далее» батырмасын басқаннан кейін «Неверный пароль или ключевой контейнер» деген қате туралы хабарлама шықса, онда келесі көрсетілгенді тексеру қажет (21-сурет):

- Пайдаланушы id қайта тексеріңіз. Мысалы, ақ орнына аг және т.б. енгізілген болуы мүмкін;
- PIN кодты бас әріптермен енгізу қажет және 11 символдан тұру қажет;
- PIN кодта бір саны болса, ол ағылшынның I (ай) әрпі немесе керісінше O әрпі 0 саны болуы мүмкін;
- Бастапқы бірегейлендіру кілтін (GOST.pfx, Key.pfx), мүмкін сіз басқа ұйыммен немесе басқа пайдаланушымен шатастырып алдыңыз.



21-сурет – Тіркеуден өткен кезде мүмкін болатын қателер.


3.17. Профильді құру мастерінің терезесінде (22-сурет).



22-сурет – Профильді құру мастері.


- «Имя токена:» ұяшығында токеннің атауын латын әріптерімен көрсетіңіз. (толтырмасаңыз да болады)
- «Пароль:» ұяшығында апплет арқылы «Интернет–Банкинг» жүйесіне кіру және онда төлем тапсырмаларын жөнелту кезінде Өзіңіз пайдаланатын парольді енгізіңіз. **Парольдің ұзындығы 8 символдан кем бола алмайды және латын әріптерінен, сондай-ақ сандардан тұруы тиіс. Цифрлар мен символдарды кезекпен пайдалануға жол берілмейді (мысалы: 123..., 678..., abc...).**
- «Подтверждение:» ұяшығында парольді қайта енгізіңіз. KAZTOKEN-нің құрамындағы Profile жаңа пароль арқылы қорғалады. Келесі қадамға өту үшін «Далее» батырмасын басыңыз.

3.18. Пайда болған терезеде (23-сурет) енгізілген деректер көрсетіледі, арнайы жалаушаны орнату арқылы оларды растау қажет. Осыдан кейін ҚБЕАО КО-дан сертификаттарды алу және оларды «Интернет-Банкинг» жүйесінде тіркеу процесін бастау үшін «Далее» батырмасын басыңыз.




23-сурет – Енгізілген тіркеу деректерін растау терезесі.

3.19. Келесі терезеде (24-сурет) профильді құру процесі көрсетіледі. Алайда KAZTOKEN-де кілттерді генерациялау процесі 5 минутқа дейінгі уақытты алатындығын ескеріңіз.




24-сурет – Сертификаттарды алу және тіркеу процесі.

3.20. Тіркеу процедурасы сәтті нәтиже берген жағдайда, терезе (25-сурет) көрсетілген түрге ие болады.



25-сурет – Профильді құру процесін аяқтау терезесі.

3.21. «Готово» батырмасын басқаннан кейін профильді таңдау терезесі ашылады, осы жерде Өзіңіз құрған профиль (26-сурет) көрсетіледі.




26-сурет – Интернет Банкинг жүйесіне кіру.

Профиль құрылғаннан кейін Интернет-Банкинг жүйесіне кіруге болады. Бұл үшін Профиль ұяшығында токенді таңдап, токеннің паролін енгізіп, «ОК» батырмасын басыңыз.

Назар аударыңыз!!! Интернет байланысының іркілісі, пайдаланушының дұрыс емес деректерін енгізу және т.б. жағдайларда Казтокенді құру кезінде қате пайда болса, тіркеу процесін жалғастыру қажет. Тіркеу аяқталмаған кезде Казтокенді форматтауға болмайды!!!

4. «KAZTOKEN басқару панелі» арқылы (ИБЖ-ға кіру үшін) USB-токеннің паролін ауыстыру

4.1. Драйвер орнатылғаннан кейін «Іске қосу» мәзіріндегі орнатылған бағдарламалар тізіміне «KAZTOKEN басқару панелі» атты құрама бөлік қосылады (27-сурет), сонымен қатар жұмыс үстелінде «KAZTOKEN басқару панелі» белгісі пайда болады (28-сурет).



27-сурет – «KAZTOKEN басқару панелі» құрама бөлігі.




28-сурет – Жұмыс үстеліндегі «KAZTOKEN басқару панелі» белгісі.

4.2. Пайдаланушы атынан және әкімгер атынан парольді ауыстыру.

— Пайдаланушы паролін ауыстыру үшін (Интернет-Банкинг жүйесіне кіру үшін) «**KAZTOKEN басқару панелін**» іске қосу қажет (27, 28-суреттер) және «**Ввести PIN-код**» батырмасын басып (жүйеге кіруге арналған қолданыстағы парольді енгізу), пайдаланушының атынан токенде аутентификация жүргізу қажет (29 және 30-суреттер).

— Администратор паролін ауыстыру үшін «**KAZTOKEN басқару панелін**» іске қосу қажет (27, 28-суреттер) және «**Ввести PIN-код**» батырмасын басып (бастапқы жай-күйі бойынша пароль 87654321), Администратор атынан токенде аутентификация жүргізу қажет (29 және 30-суреттер).



29-сурет – KAZTOKEN басқару панелі.





Рис. 30 – KAZTOKEN басқару панелі.

4.3. Аутентификациядан кейін Сізге KAZTOKEN-де парольді (PIN-кодты) ауыстыру функционалына кіру рұқсаты беріледі (31-сурет). KAZTOKEN-де парольді ауыстыру үшін «Изменить» батырмасын басу қажет.



31-сурет – KAZTOKEN басқару панелі.

4.4. Ашылған терезеде жаңа парольді енгізуге болады (**32-сурет**).




Рис. 32 – Пайдаланушы паролін ауыстыру.

5. Пайдаланушы паролін (KAZTOKEN) бұғаттаудан шығару.

5.1. KAZTOKEN-ді екі тәсілмен бұғаттаудан шығаруға болады:

1. Жұмыс үстелінде «KAZTOKEN басқару панелін» (28-сурет) ашу > «Ввести PIN-код» басу > «Администратор» таңдау және Администратордың ДСН-ның енгізу (бастапқы жай-күйі бойынша 87654321).
2. «Іске қосу» мәзірі (лупа) -> «KAZTOKEN басқару панелін» (27-сурет) табу -> «Ввести PIN-код» басу -> «Администратор» таңдау және Администратордың ДСН-ның енгізу (бастапқы жай-күйі бойынша 87654321).

«Разблокировать» батырмасын басу (33-сурет).




Рис. 33 – Пайдаланушыны бұғаттаудан шығару (KAZTOKEN).